

ҒТАМР 15.01.21

**А.С. Рахымбай<sup>1</sup>, К.О. Оразбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау қ.020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: [aiyauka.satibekqyzy@gmail.com](mailto:aiyauka.satibekqyzy@gmail.com)

<sup>2</sup>Доктор (PhD)., қауым.профессоры, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау қ. 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-2210-1668> E-mail: [guldarhan-771@mail.ru](mailto:guldarhan-771@mail.ru)

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Мақалада болашақ педагог-психологтардың қазіргі өмірдегі жаһандық құзыреттілік бағыттары, жеке тұлғаны тәрбиелеудегі құндылықтардың маңыздылығы туралы білім беру дереккөздерін талдау. Педагогикалық-психологиялық ортаны талдай отырып, жаңашыл, құзыреттілік іс-әрекетін қалыптастырудағы ғалымдардың еңбектеріне шолу және сонымен қатар жеке тұлғаның танымдық, шығармашылық, қабілеттерін дағдыландыру, іргелі ұстанымдарын дамыту, білім беру жүйесінің басты мақсатына сүйене отырып болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті етіп дайындауға бағытталған. Болашақ педагог-психологтардың және олардың іс-әрекет барысында көрініс тапқан әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық маңызды жүйесіне байланысты негізгі мәселелері көрсетілген. Болашақ мамандардың ізденімпаздылығы мен жаңашыл құндылықтарын ынталандыруға бағытталған жаһандық шындық, білім беру, құзыреттілік деңгейі ортасында қарқынды енгізілуі. «Құзыреттілік» және «Жаһандық құзыреттілік» терминдерінің мәні ашылып, болашақ педагог-психологтың негізгі жаңашыл ортадағы маңызды іс-әрекеттері ретінде қарастырылады.*

*Кілт сөздер: Жаһандану, құзыреттілік, жаһандық құзыреттілік, білім беру, педагог-психолог, тұлға, жүйе, іс-әрекет, даму, қалыптастыру.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Қазіргі заманауи педагог-психологтардың жаһандық ортадағы құзыреттілігі білім беру парадигмасындағы жаңашыл талаптарға ғана емес, өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мамандарды дайындаудың маңызды міндеті, бірегей шарты болып отыр. Бұл қалыптастырудың маңызды әрі өзекті бағыттарының бірі – заман талабына сай білім беру орталарында келешек педагог-психологтардың жаһандық құзыреттілік іс-әрекетін жүзеге асыруға қарқындылығының қажеттілігі. Оқу-тәрбие үдерісіндегі болып жатқан жағдайларды мамандар өз іс-әрекетінде ұйымдастыру, сабақты түрлендіру арқылы тұлға жүрегіне жол таба білу, педагогикалық және психологиялық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тоғысқан, сүйемелдеу, көмектесуді және қолдауды, бақылауды, жекелендірілген және бірлескен жұмыс құруды үйренуі. Ол үшін жаһандық құзыреттілік үдерісі жағдайында болашақ педагог-психологтар жаһандық білім беруді жүзеге асырудың жаңа сипаты мен ерекшеліктерін түсінуі өте маңызды.

### **КІРІСПЕ**

XXI ғасырдағы қазіргі және болашақ педагог-психологтардың білім беру үдерісіне және олардың іс-әрекетіне деген еліміздің қойып отырған жаңашыл талаптары мен жауапкершіліктері орасан зор. Себебі, жаһандық құзыреттілік дағдысы қалыптасқан, жаңашыл, өз ісінің кәсіби маманы, бәсекеге қабілетті мамандардың сусындатқан білімінен заман талабына сай және жаңашыл білім беру парадигмасының деңгейіне сай білімгерлер

тәрбиеленеді. Жаһандану бағытының маңыздылығы туралы білім беру, жаһандық құзыреттілік іс-әрекетін қалыптастыру, сонымен қатар болашақ педагог-психологтардың танымдық, шығармашылық және бәсекеге қабілеттілік дағдыларын нығайту болып табылады. ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халқына жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер құрумен байланыстыра келе, қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалу мүмкіндігін алға тартып, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұрғанына тоқталды [1]. Яғни, қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан тұтас әлемде білім дағдысына деген сұраныс бірте-бірте өзгертінін, сол үшін де білім беру парадигмасын жаңа үрдістерден және жаһандық заман талабынан қалып кетпей бейімделуі тиіс екенін атап көрсетті. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «2029 жылға дейін жоғары білім беруді дамыту саясатын іске асыру заңнамалық негізді, ЖЖОКБҰ-ның дербестігін, университеттер мен ғылыми институттарға таланттарды тартуды, білім мен құзыреттілік деңгейін арттыруды, жаһандық құзыреттерді ескере отырып, дамушы технологиялар мен болашақ экономикасына негізделген ЖЖОКБҰ-ның заманауи білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етуге бағытталған», - деп көрсетілген [2], сондықтан да, келешек педагог-психологтардың бәсекеге қабілетті болуын және заман талап етіп отырған жаһандық құзыреттілікке дайындығын қалыптастырудағы жаңашыл, кәсіби талаптарға сәйкес жолдарын қарастыруды талап етеді. *Өзектілігі:* Соңғы кездегі жаңа заман талабы – өскелең ұрпақты жаһандастыруға және жаһандық құзыреттілікке «бейімдеу» үшін білім орталықтарын толықтай «модификациялау», яғни түрлендіру болып отыр. Өзге дамыған білім орталықтармен қауымдасу, білім берудің аймақтық және ұлттық жүйелері іс-әрекеттерін салыстыру жаһандануға тән нәрсе екені айқын. Дегенмен, болашақ педагог-психолог мамандарын жаһандық құзыреттілікке бейімдеу туралы айтатын болса, білім беру орындарының қазіргі талаптары бәсекелестікке қабілеттілікке дайындау. Осы мәселелер бүгінгі өзгермелі қоғамда полимәдениетті, көп ұлтты әрі поликонфессионалды кеңістікке араласуға дайын, болашақ маман тұлғасының дамуына бағытталған мазмұнын қайта қарауды талап етеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – білімді, білікті, дағдыланған мамандарды дайындау болып отыр. Сол себепті, болашақ мамандар барлық қажетті құзыреттіліктермен қамтамасыз етіліп, өзін сенімді сезінуі өте маңызды және қоғамдық ортада өз қызметінің барлық салаларын жетік меңгеруі болып отыр. Осыған байланысты заман талабына сай педагогика және психология мамандарының қалыптасуындағы басты тенденциялардың бірі – болашақ мамандардың жаһандану жағдайында іс-әрекеттерін жүзеге асыруға дайындау. Әлемде болып жатқан өзгерістердің жаңа дағдыларын түсіну, инсинуациялық педагогикалық-психологиялық әдістемелерді тәжірибеге енгізу және оны оңтайландыру мақсатында білікті болашақ педагог-психологтардың қазіргі өзгермелі өмірінде, мәдениетінде, жаһандық құзыреттілікті қалыптастыруындағы жаңашылдықты талап етіп отыр. Бұл білім саласында жоғары білікті мамандарына орасан зор сұраныстың артуына алып келеді.

Американдық ғалым Т. Левит «Жаһандану» термині алғаш рет 1980 жылдары Гарвард бизнес мектебінде трансұлттық корпорациялардың жаһандық қызметіне байланысты екендігін атап өткен [3].

Жаһандану феноменін айқындауда маңызды рөл атқарған қытай ғалымы Ченг Эньфуге тиесілі, автордың ойынша, жаһандану әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы

құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты үрдіс – деп қарастырған [4].

Профессор П. Скотт зерттеу мәселесіне зор үлесін қосқан зерттеушілердің бірі, автор жаһандануды технологиялар мен бұқаралық мәдениет саласындағы әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеруі ретінде қарастырған. Оның пікірінше, жаһандану – білім беру мен қоғамның жаңа пішіндерін қабылдауға бағытталған үрдісі. Ғалым, әсіресе, жаһандану үрдісінің жоғары білім беру жүйесіне ықпал етуіне көп көңіл бөлген, ол жаңа технологияларды қолдана отырып, жаһандану жоғары білімге айтарлықтай әсер ететініне (мысалы, трансұлттық білім беру және жоғары білім берудің көптеген баламалары, сонымен қатар виртуалды кеңістіктегі студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығының күрт өсуі) назар аударған [5].

Ғалым С.Л. Зарецкая оған былайша анықтама береді: «Жаһандану – ХХІ ғасырдың басындағы әлемдік даму процестерін сипаттайтын, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелді нығайтып, бүкіл планетадағы әлеуметтік дамудың жаңа кезеңін көрсете отырып, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыстар мен өзара тәуекелділікті нығайту» [6].

Қазақстандық ғалым Оразбаева К.О. жаһандану ұғымына келесідей анықтама берген: «Жаһандану – жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік даму кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, ұлттардың мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, әр текті әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы» [7].

Әртүрлі қағидалармен, қарым-қатынастармен және әртүрлі салалардағы өзгерістермен дамып келе жатқан қазіргі заманда жастардың бірегей және интеллектуалдық өсуі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, цифрлық, демографиялық, экологиялық, эпидемиологиялық сияқты факторлардың әсерінен жүзеге асырылады. Халықаралық ынтымақтастық, оның ішінде әрбір қатысушының жаһандық құзыреттілігі жаһандық мәселелерді шешу және жастарымызға жаһандық құзыреттіліктерді үйрету үшін қажет.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жоғары білім берудің басты ұлттық міндеті – елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын кәсіби құзыретті тұлғаны қалыптастыру деп көрсетілген. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде жаңа білім беру стандарттары үшін басты бағдар ретінде кеңінен пайдаланылатын «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары отандық білім беру жүйесіне де кірді. Осындай жауапты міндеттерді шешу осы құзыреттерді игерген және оқу үдерісінің талаптарына сәйкес ұйымдастыра алатын кәсіби білікті мамандарды даярлауды талап етеді [8]

«Құзыреттілік» терминін алғаш рет 1965 жылы американдық лингвист, Массачусетс университетінің профессоры Ноам Хомский енгізді [9]. Ол құзыреттілік ұғымын адамның кез-келген әрекетті орындау қабілетін сипаттау үшін қолдануды ұсынды. Кейіннен ғалым терминнің мағынасын сөйлеу әрекетімен байланыстырды.

Қазақ энциклопедиясы «құзырет» ұғымын белгілі бір ұйымның немесе лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [10]. Бұл зерттеудің мәселелерін тереңірек ашуға И.А. Зимняяның пікірі ықпал етеді, автор өз еңбегінде: «құзыреттіліктер оқыту мазмұнын және оның кейінгі қызметін дамытуға ықпал ететін адамның барлық зияткерлік, жеке қасиеттері, психологиялық сипаттамалары ретінде түсініледі» деген анықтама берген [11].

Ғалым Б.А. Жекибаева «педагогикалық құзыреттілік» ұғымына талдау жасай келе, «құзыреттілік» мазмұны едәуір кеңейгенін және мұғалімнің функционалды міндеттерімен ғана шектелмейтінін көрсеткен [12].

Н.Г. Милорадованың айтуынша білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар: бірінші кәсіби-әдістемелік; екінші іс-әрекет негізіндегі; үшінші әлеуметтік қарым-қатынас; төртінші жеке тұлға негізіндегі құзыреттіліктер. Бұл негіздер болашақ педагогтарға

сыни тұрғыда ойлауды, рефлексияны, өз позициясын анықтау қабілеттілігін өздігінен бағалайтын ойдың дамуын және өмір бойы үйрену қабілеттілігін талап ететіні анық [13].

А.Маркова жаһандық құзыреттіліктің кезеңдерін төмендегідей бөледі:

- педагогтің өз мамандығына бейімделу кезеңі;
- мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі;
- мамандықты еркін меңгерген кезең;
- мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең.

Осылайша ғалым жаһандық құзыреттіліктің сипаттамасын шебер – педагогтің, жаңашыл-педагогтің, зерттеуші-педагогтің, кәсіби дәрежесіне көтерілген педагогтардың жиынтық бейнесі ретінде қарастырады [14].

Бүгінгі таңда болашақ педагог-психологтың білімді алудағы маңыздылығы жеке тұлғаның дамуын психологиялық-педагогикалық қолдаудың өзекті мәселелерін шешумен және қазіргі қоғам жағдайына байланысты. Оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайтуға байланысты өзекті мәселелерді шешу үшін білім беру ұйымдарының психологиялық қызметін одан әрі дамыту қажеттілігі артуда. Осыған орай, жаһандану стандартына сай еңбек функцияларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог психологының біліктілігі мен жаһандық құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар артып келеді.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазіргі таңда болашақ педагог-психологтардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында еліміздің білім беру жүйесі нәтижеге бағытталған білім беру парадигмасына көшуде. Қазіргі болашақ педагог-психологтарға қойылып отырған талаптарға сай болу үшін өз ісінің маманы, бәсекеге қабілетті жоғары дағдыланған, кәсіби шебер және жаңашыл, әлемге жаңа көзқарастармен қарайтын, өзіне сенімді маманды қалыптастыру. Қоғамдық дамудың қазіргі екінін өзінің әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық іс-әрекетінде білімді орынды пайдалана білетін, қарым-қатынас жасай алатын білікті маманды дайындау мәселесі туындауда. Жаһандық жағдайындағы өзгерістерге төтеп бере алатын ұлттық санасы рухани бай болашақ мамандарды жетілдіру.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021> 12.03.2022.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген// <https://online.zakon.kz/Document/>
- 3 Levitt T. The globalization of markets. – The McKinney Quarterly, 1983. [https://edisciplinas.usp.br/pluginfile.php/4180851/mod\\_resource/content/25.03.2023](https://edisciplinas.usp.br/pluginfile.php/4180851/mod_resource/content/25.03.2023).
- 4 Cheng C.Y., Lee F. Multiracial identity integration: Perceptions of conflict and distance among multiracial individuals //Journal of Social Issues. – 2009. – Vol. 65, Issue 1. – P. 51-68.
- 5 Scott P. Globalisation and higher education: Challenges for the 21st century // Journal of studies in International Education. – 2000. – Vol. 4, Issue 1. – P. 3-9.
- 6 Зарецкая С.Л. Международная составляющая современного высшего образования // Глобализация и образование: сб. обзор. – М., 2001. – С. 38-74.
- 7 Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: 6D010300: док. PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 163 б.
- 8 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III қабылданған // <https://online.zakon.kz/Document> .05.01.2023.



- 9 Chomsky N. Language and thinking. – М.: MSU publishing house, 1972. – 122 p.
- 10 Философиялық сөздік / ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 11 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5. – С. 34-41.
- 12 Жекибаева Б.А., Садықов К.И., Исаков М.И. Изучение проблемы взаимодействия субъектов педагогического процесса // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – №11-3. – С. 423-426.
- 13 Смайлов С.С. Дидактикалық материалдарды қолдану және студенттер мен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Алматы. 1994. 218 б
- 14 Құзыреттілік көзқарас мұғалімнің кәсіби мәдениетінің қазіргі тұжырымдамасының негізі ретінде <https://www.slideshare.net/ssuser198101/ss-255862168>

#### REFERENCES

- 1 President of the Republic of Kazakhstan K.Zh. Tokaev. People's unity and systematic reforms are a solid foundation of the country's prosperity: a message to the people of Kazakhstan <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
- 2 Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. High in the Republic of Kazakhstan on approval of the concept of education and science development for 2023-2029: approved on March 28, 2023, №248// <https://online.zakon.kz/Document/>
- 3 Levitt T. The globalization of markets. – The McKinney Quarterly, 1983. [https://edisciplinas.usp.br/pluginfile.php/4180851/mod\\_resource/content/25.03.2023](https://edisciplinas.usp.br/pluginfile.php/4180851/mod_resource/content/25.03.2023).
- 4 Cheng C.Y., Lee F. Multiracial identity integration: Perceptions of conflict and distance among multiracial individuals // Journal of Social Issues. – 2009. – Vol. 65, Issue 1. – P. 51-68.
- 5 Scott P. Globalisation and higher education: Challenges for the 21st century // Journal of studies in International Education. – 2000. – Vol. 4, Issue 1. – P. 3-9.
- 6 Zaretskaya S.L. International component of modern higher education // Globalization and education: sb. overview. - М., 2001. - S. 38-74.
- 7 Orazbaeva K.O. Formation of professional competence of future teachers in the conditions of globalization: 6D010300: doc. PhD ... Diss. - Алматы, 2016. - 163 p.
- 8 Law of the Republic of Kazakhstan. About education: adopted on July 27, 2007, No. 319-III // <https://online.zakon.kz/Document/05.01.2023>.
- 9 Chomsky N. Language and thinking. – М.: MSU publishing house, 1972. – 122 p.
- 10 Philosophical dictionary / ed. R.N. Nurgaliev. - Алматы: Kazakh encyclopedia, 1996. - 525 p.
- 11 Zimnaya I.A. Key competences are a new paradigm of the result of education // Higher education today. – 2003. – No. 5. - S. 34-41.
- 12 Zhekibaeva B.A., Sadykov K.I., Isakov M.I. The study of the problem of interaction between the subjects of the pedagogical process // International Journal of Applied and Fundamental Studies. – 2014. – No. 11-3. - S. 423-426.
- 13 Smaylov S.S. Use of didactic materials and increase the cognitive activity of students and pupils. Алматы. 1994. 218 p.
- 14 Competency approach as the basis of the current concept of the teacher's professional culture. <https://www.slideshare.net/ssuser198101/ss-255862168>

**Глобализация, глобальная компетентность, глобальные знания и тенденции развития специалистов педагога-психолога**

Рахымбай А.С., Оразбаева К.О.

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*В статье анализируются источники образования о направлениях глобальной компетентности будущих педагогов-психологов в современной жизни, о значении глобальной компетентности в воспитании личности. Анализ мировой педагогической и психологической среды, формирование инновационной, компетентной деятельности, а также развитие познавательных, творческих способностей личности, развитие фундаментальных позиций, подготовка конкурентоспособного специалиста исходя из основной цели системы образования. Подготовка будущих педагогов-психологов как компетентных специалистов по расширению возможностей использования глобального образовательного процесса. И решить основные проблемы, связанные с системой общественно значимых и личностных компетенций будущих педагогов-психологов и их деятельностью. Интенсивная реализация в среде глобальной реальности, глобального образования, уровня компетентности, направленного на стимулирование любознательности и инновационных ценностей будущих специалистов. Смысл терминов «Глобальное образование» и «Глобальная компетентность» заключается в открытии, которое рассматривается как одна из важных особенностей деятельности будущего педагога-психолога в основной глобальной среде.*

*Ключевые слова: Глобализация, глобальная компетентность, образование, педагог-психолог, будущее, развитие, становление.*

**Globalization, global competence, global knowledge and development trends of educational pedagogy- psychologists.**

Rakhymbay A.S.<sup>1</sup>, Orazbayeva K.O.<sup>2</sup>

Sh.Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article analyzes the sources of education on the directions of global competence of future educational psychologists in modern life, on the importance of global competence in the education of the individual. Analysis of the global pedagogical and psychological environment, the formation of innovative, competent activities, as well as the development of cognitive, creative abilities of the individual, the development of fundamental positions, the preparation of a competitive specialist based on the main goal of the education system. Training future educational psychologists as competent specialists in expanding the possibilities of using the global educational process. And to solve the main problems associated with the system of socially significant and personal competencies of future educational psychologists and their activities. Intensive implementation in an environment of global reality, global education, a level of competence aimed at stimulating the curiosity and innovative values of future specialists. The meaning of the terms “Global Education” and “Global Competence” lies in the discovery, which is considered as one of the important features of the activity of the future educational psychologist in the main global environment.*

*Key words: Globalization, global competence, education, educational psychologist, future, development, formation.*